

# Меңдіқара ауданының 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

Меңдіқара ауданы агроөнеркәсіптік өңір болып табылады, сондықтан экономиканың 77% - дан астамын ауыл шаруашылығы иеленеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында белгілі бір нәтижелерге қол жеткіздік.

Жалпы өңірлік өнім 50,9 млрд. теңгені (2019 жыллы – 39,6 млрд теңге) немесе өткен жылдың деңгейіне 128,5% құрады.

2020 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің НКИ – 107,6% (өсімдік шаруашылығы – 109,4%, мал шаруашылығы-103,1%) немесе 39,6 млрд теңге.

2020 жылы ауданда жаздық егіс 328 ауыл шаруашылығы кәсіпорнында 235,3 мың га алаңда өткізілді. 2020 жылдың құрғақшылық жағдайларына қарамастан өсімдік шаруашылығы саласында жақсы нәтижелер алынды, дәнді дақылдардың орташа өнімділігі 12 ц/га құрады, 281,2 мың тонна астық жиналды, майлы дақылдар 3,7 ц/га орташа өнімділігімен 28,1 мың тонна майлы дақылдар, картоп 684,0 мың тонна жиналды.

өнімдерін форвардтық сатып алуға «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы сомасы 1 млрд.052 млн теңгеге 26 мың 791 тонна көлемінде 9 шаруашылық қатысты.

Аграршылар 4,0 млрд. теңгеден астам сомаға 197 бірліктен астам жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Техниканы жаңарту 4,5% құрады (жоспар - 4%).

Жыл басынан ет өндіру көлемі 5,6% - ға (7 193,3 тонна), сүт 0,4% - ға (27 837,6 тонна), жұмыртқа 2,1% - ға (16,9 млн дана) ұлғайды. Шаруашылықтардың барлық санаттарында ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара мал 3,4% - ға, жылқы 1,4% - ға, қой 3% - ға, ешкі 0,5% - ға) өсуі байқалады, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылы 341 ҰММ басы сатып алынды.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 75 бас импорттық аналық ірі қара мал басын сатып алуға 2 өтінімді мақұлдады: «Жолдас» ЖШС 50 басқа, «В.В. Бушный» ШҚ 25 басқа. «Жайылымдарды суландыру» бағдарламасы бойынша 2 ұңғыма бұрғыланды.



ет және жартылай фабрикаттар өндірісі), 6 наубайхана, ет өңдеу және шұжық өнімдерін өндіру цехы, 2 ағаш өңдеу цехы, профильді парақтарды жасау цехы және тротуар төсемдерін жасау цехы.

«Боровское ЖКХ» МКК,

дерді орталықтандырылған сумен жабдықтау 10,2% құрайды, 39 елді-мекеннің 4-і сумен қамтамасыз етілген. Орталықтандырылған сумен жабдықтауды қамтуды ұлғайту үшін есепті жылы ауылдық елді мекен-

бағыты аясында ағымдағы жылы айналым қаражатын толықтыруға және инвестициялық мақсаттарға жалпы сомасы 8,6 млн теңгеге екі жоба мақұлданды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде дәнді, дәнді-бұршақты дақылдарды өсіруге және жылқы өсіруге 12 жоба бойынша жалпы сомасы 722 млн. теңгеге қарыздар берілді.

Туристік қызметті дамыту бойынша мастер - жоспарды орындау шеңберінде 2019 жылдан бастап «Қостанай – Мамлютка» республикалық тас жолында жалпы құны 650,0 млн теңге болатын жол бойындағы сервистің (кафе, автожуу, ТҚС, кір жуу кешені, қонақ үй және мейрамхана) құрылысы жүргізілуде, 2022 жылға пайдалануға беру жоспарланған.

Боровское ауылында құны 10,0 млн теңге жалпы алаңы 150,0 ш.м. сауда павильонының құрылысы аяқталды, жалпы сомасы 8,0 млн. теңгеге жалпы алаңы 86,0 ш.м. сауда павильонының құрылысы аяқталуда, пайдалануға беру мерзімі 2021 жылғы маусым.

деріне сапалы ауыз су жеткізу үшін әрқайсысының сыйымдылығы 7,5 м3 Камаз автомобилі базасындағы 52,2 млн. теңге сомасына 2 су тасығыш;

- Камаз автомобилі базасындағы құны 35,5 млн. теңге тиегіш-манипулятор;

- Көмірді тиеу және үлмелеу үшін құны 12,8 млн теңге фронталды тиегіш.

Ауылдық елді мекендер мен аудан орталығын санитарлық тазалау, көркейту және сыртқы келбетіне 59,0 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. Боровское ауылының көшелерінде 7,0 млн теңгеге ағаштарды кесу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аудан орталығында Алтынсарин, Тұрсынбай батыр, Абай көшелері бойынша 3,5 млн.теңгеге 70 дана көше жарығының шамдарын энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Боровское ауылының аумағында санитария мен абаттандыруды қолдау үшін 15 алаң жайластырылды, онда қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауға арналған 60 контейнер орналастырылды.

Сорт жаңарту мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 5,3 мың тонна жоғары репродукциялы тұқым сатып алды, сорт жаңарту үлесі 16,9% - ды (облыс бойынша 4%) құрады, 9,3 мың тонна минералдық тыңайтқыштар сатып алынды. 203,3 мың га алқапта арамшөптермен күрес бойынша іс-шаралар жүргізілді, 53,3 мың га алқапта булар дайындалды, 2021 жылы ШҚБ жүргізу үшін 31,4 мың тонна тұқым немесе қажеттіліктің 100% себілді.

Арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етуде мемлекеттің көмегі маңызды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жеңілдетілген дизель отынымен қамтамасыз ету үшін көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге 4 365 тонна отын, күзгі дала жұмыстарына 4 779 тонна отын бөлінді. Астықты кептіру үшін астық кептіргіштері бар шаруашылықтарға қосымша 435 тонна дизель отыны алынды. Мемлекеттік қолдаудың елеулі шарасы - бұл ауыл өндірісін субсидиялау. Жалпы ауыл шаруашылығы бойынша субсидиялар 2,6 млрд.теңге мал шаруашылығы саласында 143,5 млн теңге, өсімдік шаруашылығында 1,4 млрд. теңге (тұқымдар бойынша 302,9 млн. теңге, гербицидтер бойынша субсидиялар 667 млн теңге, тыңайтқыштар бойынша субсидиялар 419,7 млн теңге) төленді.

Ауыл шаруашылығы

Мал шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында ірі қара малды тұқымдық түрлендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқаларын қолдана отырып, тұқымдық түрлендіруге аналық басы 2 406 бас болатын 89 шаруашылық қатысады. Жыл сайын аудан тұрғындарының қоғамдық табындарында ет және сүт тұқымдарының жалданған асыл тұқымды бұқалары жұмыс істейді, бұл малдың өнімділігін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Ет экспорты бойынша бағдарламаға қатысу шеңберінде бірінші деңгейдегі бордақылау алаңына 358 бұқа жеткізілді.

Өнеркәсіп саласын сүт өңдеуге маманданған «ПК «Вита» ЖШС ұсынады, өңдеу өнеркәсібінің шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді - бұл 6 наубайхана, ет өңдеу және шұжық өнімдерін өндіру цехы, үш ағаш өңдеу цехы. Жылумен және сумен жабдықтау қызметін «Боровское ЖКХ-2016» МКК жүзеге асырады.

Ауданда өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары және жылу энергиясы мен суды өндіру және тарату кәсіпорындары жұмыс істейді. Өнеркәсіп өнімдерін өндірумен 12 кәсіпорын айналысады, оның ішінде: сүт өңдеу және сүт өнімдерін өндіруге маманданған «ПК «Вита» ЖШС, «Родник kst» ЖШС (шұжық өнімдерін, ысталған

сумен жабдықтауды өндіру және іске асыру, жылу энергиясын бөлу және беру қызметімен айналысады.

Өнеркәсіп өнімін өндіру құрылымында 80% - дан астамын өңдеу өнеркәсібі алады.

1,9 млрд теңге сомасына өнеркәсіп өнімі өндірілді, нақты көлем индексі 168,8% - ды құрады.

2020 жылы Краснопреснен ауылдық округінде жобалық қуаты тәулігіне 300 бөлкенан пісіретін наубайхана іске қосылды. Боровское ауылында қуаты ауысымына 1000 бөлке кондитерлік және нан-тоқаш өнімдерін пісіру бойынша наубайхананы іске қосу жөніндегі жұмыстар аяқталуда.

Аудан экономикасына 6,6 млрд теңге инвестиция салынды, оның ішінде бюджеттік инвестициялар 33% немесе 2,2 млрд теңге, кәсіпорындардың меншікті қаражаты 2,7 млрд теңге 39%.

Жалпы сомасы 1,9 млрд. теңгеге ұзақтығы 94,8 км Боровское және Первомайское ауылдарының сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау бойынша жобаны іске асыру аяқталуда («Энергия» фирмасы ЖШС мердігерлік ұйымы жұмыс көлемін 98% - ға орындады). Харьковское ауылында жалпы сомасы 71,2 млн теңгеге майсыздандыру және деманганациялау станциясын орнату бойынша ҚМЖ аяқталды. Бүгінгі күні елді-мекен-

дер үшін тарату желілері мен құрылыстарын салу үшін 4,9 млрд теңге сомасына жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. Аталған жобаларды іске асыру тағы 6 ауылдың тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде қамту 25,7% - ға дейін артады.

Тұрғын үй құрылысы саласында жыл басынан бері 3,3 мың ш.м. қолданасықа енгізілді. Соңғы 10 жылда алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарын және бюджеттік сала қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жалпы ауданы 790 ш.м. 16 пәтерлі жалға берілетін тұрғын үйге реконструкциялау жүргізілді, 7,7 млн теңгеге 5 коммуналдық пәтерге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2,8 млрд. теңге сомасына орындалды немесе 2019 жылдың деңгейіне 123,7%.

Шағын бизнес саласында 1 335 субъект тіркелген, олардың айналасында жұмыс істеп тұрғандары 1 199 немесе 89,8%.

«Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты шеңберінде «субсидиялау» құрамдауышы бойынша 80,4 млн.теңге сомаға жобалар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігінің және кепілдендірудің алты өтінімі мақұлданды.

«Гранттық қаржыландыру» бағдарламасының үшінші

**Салықтар және бюджет**  
Мемлекеттік бюджет жоспары 109,1%– ға (РБ 102,9%, ЖБ-112,2%), бюджеттің 4 деңгейіндегі кірістер 209,5% - ға орындалды. 2020 жылы аудан бюджетінің шығындары 7 180,6 млн теңгені құрады, жыл қорытындысы бойынша орындалуы 100% құрады.

Аудан бойынша орташа айлық жалақының өсуі 32,5% (142 381 514 теңге) құрайды.

### Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

«Боровское ЖКХ - 2016» МКК жылумен жабдықтау қызметін көрсетеді. Жылыту маусымы штаттық режимде өтуде, отынның нормативтік қоры бар. Ауданның жылумен және сумен қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен орталық қазандыққа 14 млн. теңге сомасына 2 қазандық сатып алынды, сондай-ақ қазандық жабдығын және электрмен жабдықтауды 100% ауыстыра отырып, 58 млн. теңге сомасына № 6 «Санаторий» қазандығына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру шеңберінде облыстық бюджет қаражаты есебінен «Боровское ЖКХ - 2016» МКК үшін жалпы сомасы 100,5 млн теңгеге 4 бірлік мамандандырылған техника сатып алынды, оның ішінде: - ауданның елді мекен-

Боровское және Первомайское ауылдарында криминогендік жағдайды төмендету және қоғамдық тәртіпті қорғау үшін полиция бөлімінің жедел басқару орталығына шығатын 35 бейнебақылау камерасы орнатылды.

2020 жылы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына және елді мекендердің көшелеріне орташа жөндеу жүргізуге 1,4 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді, оның ішінде Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 769,2 млн теңгеге ұзындығы 27 шқ 6 кіреберісті (Теңіз а., Первомайское а., Красная Пресня а., Лесное а., Алешинка а., Каменскорал А.) және 304,4 млн теңгеге ұзындығы 8,9 шқ Боровское ауылы көшелерінің 5 учаскесін орташа жөндеу бойынша ҚМЖ аяқталды.

«Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында Первомайское а. ұзындығы 2,9 шқ ауылдың 6 көшесіне 80 млн. теңге сомасында орташа жөндеу жүргізілді.

2020 - 2021 жылдарға арналған көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыру шеңберінде 331,5 млн теңге сомасына Боровское - Ұзынағаш 0-27 шқ автомобиль жолының учаскесін жөндеу жалғасуда, жоба 2 жылдық, 2021 жылы жұмысты аяқтау.

Соңы 5 бетте

## Соңы. Басы 4 бетте

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 62% - дан 72,5% - ға дейін өсті.

## Әлеуметтік блок

Әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

Жыл басынан бастап 1 642 адам немесе 103% жұмыспен қамту шараларымен қамтылған, жеткізілген жоспарға (жоспар - 1 588 адам). 1 102 адам жұмысқа орналастырылған.

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында 2020 жылда 17 жобаны іске асыруға 2,5 миллион 900 мың теңге бөлінген. 644 жұмыс орындары, Жұмыспен қамту орталығы арқылы 324 құрылған. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша қысқа мерзімді кәсіби оқытудан 59 адам аяқтаған.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша 72 бағытталғандардан 50 адам оқытуды аяқтаған. Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 19,2 миллион теңге сомасына 34 грант берілген.

Жеке бизнесті ашуға немесе кеңейту үшін 171,2 миллион теңге сомасына жеке кәсіпкерлерге 46 микрокредиттер берілген.

Бағдарламаның үшінші бағыты бойынша әлеуметтік

жұмыс орындарына 47 адам жұмысқа орналастырылған, жастар тәжірибесіне 54 жас маман немесе жыл жоспарына 126 % бағытталған, қоғамдық жұмыстарға 170 жұмыссыз азамат қатысқан.

«Еңбек ресурстарының ұтқырлығы» Бағдарламасы аясында оңтүстік өңірлерден ауданға 29 қоныс аударушылар келген.

Халықтың әлеуметтік-осал топтарын қолдау бойынша үлкен жұмыс өткізілуде. 61,1 миллион теңге сомасына атаулы әлеуметтік көмек 215 отбасыға (847 адам) төленген. Азық-түлікпен және гигиеналық жиынтықтармен 11,1 миллион теңге жалпы сомасына 1 жастан 6 жасқа дейін жастағы 219 бала қамтамасыз етілген.

Коронавирустық пандемия кезеңінде құрастырылған дағдарысқа қарсы шаралар аясында 204 миллион теңге жалпы сомасына уақытша кірістерден айырылған шамамен 4 812 адам 42 500 теңге мөлшерінде көмек алған, халықтың әлеуметтік-осал топтар санынан 1 726 адам 34,0 миллион теңге сомасына азық-түліктік-тұрмыстық жиынтықтар бойынша төлем алған. 20 миллион теңгеден астам сомаға 688 абонентке коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша халықтың төлемдерін қайтару жүргізілді. «Біз біргеміз» бір-жолғы қаржылық қолдау Қорымен 15,4 миллион теңге

сомасына 50 000 теңге бойынша 3085 адам қамтылған. 5,5 миллион теңге сомасына аз қамтылған отбасыларға екі пәтер алынған, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы 19 миллион теңге жалпы сомасына үш отбасыға тұрғын үйді сатып алу үшін несиелер мақұлданды.

2020 жылда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін әлеуметтік инфрақұрылымның 3 объектісі бейімделген.

Білім беру саласында 36 білім беру ұйымы жұмыс істейді: 2 734 оқушы санындағы контингентпен 30 мектеп, соның ішінде 648 (27%) мемлекеттік тілде білім алады, 4 балабақша, балалар шығармашылық үйі, өнер мектебі. 1 жастан 6 жасқа дейін жастағы балаларды жалпы қамту мектепке дейінгі ұйымдарымен - 83,6%, 3 жастан 6 жасқа дейін жастағы - 100%. Кезектілік 121 баланы құрайды.

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезектегі тапсырмасының бірі балаларды оқыту үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайда жасау.

2020 жылда «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 174,7 миллион теңге сомасына Первомай ОМ күрделі жөндеу жұмыстары, жұмыспен қамтудың жол

картасы бойынша 299,9 миллион теңге сомасына Михайлов ОМ күрделі жөндеу жұмыстары өткізілген. 19,8 миллион теңге сомасына Соснов ОМ, Архипов ОМ, Боровской өнер мектебінде ағымдағы жөндеу жұмыстары өткізілген, 12,2 миллион теңге сомасына ауданның 12 мектептерінде жылы санузелдер орнатылған.

63,0 миллион теңге жалпы сомасына бес мектепте блоктық-модульдік қазандықты орнатумен қазандықтарды шығару жүзеге асырылған. (Буденов ОМ, Краснопреснен ОМ, Каменскорал ОМ, Ломоносов ОМ, Введен ОМ)

Тартылған қаражаттар есебінен 20,0 миллион теңге жалпы сомасына 4 мектепте күрделі жөндеу жұмыстарын өткізуге жобалау-сметалық құжаттама құрастырылды.

Мектепке дейін оқушыларды тегін тасымалдау үшін 16,0 миллион теңге сомасына мектеп автобусы сатып алынған. 1,9 миллион теңгеге 52 бейнебақылау камералары қосымша орнатылған.

«Туған жер» бағдарламасы аясында «Заря» АҚ қала құрылысымен айналысатын кәсіпорын есебінен шамамен 1,0 миллион теңге сомасында Архипов ОМ-де ІТ кабинеті ашылған. ІТ сыныптардың ашылуы инженерлік іске және ғылымға деген оқушылардың қызығушылығын көтеруге

үлкен серпіліс берді. Сонымен қатар оқушылардың қашықтықтан оқыту үшін 516 жаңа компьютерлер сатып алынды.

## Денсаулық сақтау

Ауданда 36 медициналық мекеме жұмыс істейді. Аудан бойынша дәрігерлермен жинақталым 97 %. Дәрігерлер кадрларының жетіспеушілігі 2 маман (инфекционист, көз дәрігері). Ағымдағы жылы ауданға 4 жас дәрігер мамандар келген болатын.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша дәрігерлерге тұрғын үйді сатып алуға бюджеттік несие берілген, сонымен қатар аудандық аурухана қызметкерлері үшін аудандық әкімдікпен Алтынсарин көшесі бойынша жаңа жөндеу жүргізілген үйде 3 ведомстволық пәтер бөлінген болатын.

## Мәдениет

Ауданның мәдениет мекемелерінің желісі 35 мәдениет объектілерімен ұсынылған: - 24 кітапхана және 11 клуб мекемелері. Ауданның клубтық мәдениет мекемелері 52,8 мың көрерменді қамти отырып, 367 іс-шара өткізді, мәдени-бұқаралық іс-шаралар «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы мәнмәтінінде, сондай-ақ Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын және Алтын Орданың 750 жылдығын, сондай-ақ

Меңдіқара ауданының 90 жылдығын мерекелеу аясында ұйымдастырылды және өткізілді.

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағдарламасын орындау мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігімен 2020-2025 жылдарға арналған жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді. Тілдерді оқыту орталығында жалпы саны 672 тыңдаушы, оның ішінде мемлекеттік тіл тыңдаушылары - 568 адам, ағылшын тілі - 104 адам.

## Спорт

2020 жылы Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджет қаражатынан Боровское ауылындағы «Достық» стадионына 43,8 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді, волейбол алаңы, 2 ойын алаңы, баскетбол алаңы, спорттық ангар жөнделді, жасанды жабыны бар шағын футбол алаңы жайластырылды. Спорттық ғимараттар желісін ұлғайту үшін Боровское ауылында спорттық ангар салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді, жұмыстар «Қарқын» Агрофирмасы» ЖШС қаражаты есебінен орындалды.

2020 жылы ауданымыздың 5 спортшысына ҚР спорт шебері атағы берілді. 3 жастан 12 жасқа дейінгі балаларды қабылдайтын жеке футбол мектебі ашылды.